

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 24 желтоқсанда N 1247 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен

Ескету: Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап 10 күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Нұсқаулық күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1997 жылғы 25 шілдедегі N 295 қаулысының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 25 шілдедегі N 295 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықтың күші жойылды деп танылсын.

3. Мемлекеттік почта байланысының уәкілетті ұйымы Нұсқаулық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде жұмыс істеп тұрған айырбастау пункттерінің құжаттамасын және үй-жайын Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтірсін.

4. Уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар Нұсқаулық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізімдеме журналының нысанын Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтірсін.

5. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Қасымжанова Г.З.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

6. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Сембиев Н.К.) осы қаулыны және Нұсқаулықты Қазақстан Ұлттық Банкінің Х а б а р ш ы с ы н д а ж а р и я л а с ы н .

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

1 5

қ а р а ш а д а ғы

№ 400 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулық

Ескерту: Мәтін бойынша "нотариалды куәландырылған" деген сөздер " нотариат растаған" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , барлық мәтін бойынша "почта байланысының уәкілетті ұйымдары", "почта байланысының уәкілетті ұйымдарының", "почта байланысының уәкілетті ұйымдарына", "почта байланысының ұйымдары", "почта байланысының ұйымдарына" деген сөздер тиісінше "почта байланысының уәкілетті ұйымы", "почта байланысының уәкілетті ұйымының", "почта байланысының уәкілетті ұйымына" деген сөздермен ауыстырылды - 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

б а р л ы қ м ә т і н б о й ы н ш а :

"уәкілетті банктер", "уәкілетті банк", "уәкілетті банктің", "уәкілетті банктердің", "уәкілетті банкке", "уәкілетті банктерге" деген сөздер тиісінше " айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер", "айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк", "айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің", "айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің", "айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банкке", "айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктерге" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л д ы ;

"тіркеу куәлігі", "тіркеу куәлігін" деген сөздердің алдынан "айырбастау пунктiнiң" деген сөздермен толықтырылды;

"тіркеу куәліктерiнiң", "тіркеу куәліктерiнде" деген сөздердiң алдынан " айырбастау пункттерiнiң" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Осы Нұсқаулық " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы ", " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында, оның ішінде айырбастау пункттері арқылы шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті ұйымдардың қызметін құруға, лицензиялауға және тоқтатуға қатысты бөлігінде көрсетілген заң нормаларын жан-жақты көрсетеді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретін лицензиясы бар
б а н к т е р ;

2) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

3) уәкілетті кредиттік серіктестіктер - өз қызметін шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асыратын кредиттік серіктестіктер;

4) почта байланысының уәкілетті ұйымы - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар Ұлттық почта операторы;

5) банк операцияларының жекелеген турлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар - осы тармақтың 2)-4) тармақшаларында аталған, банк болып т а б ы л м а й т ы н з а н д ы т ұ л ғ а л а р ;

6) қолма-қол шетел валютасымен жасалатын айырбастау операциялары - айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын, қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операциялары;

7) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

8) кросс бағам - екі шетел валютасының арасындағы бағамдық арасалмақ ол осы валюталардың Қазақстан теңгесіне қатысты бағамы негізінде айқындалады;

9) Мемлекеттік тізілім - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискальды жады бар бақылау-касса машиналарының мемлекеттік т і з і л і м і .

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. Жеке тұлғалардың - Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерінің қолма-қол шетел валютасына сұранысын қанағаттандыру үшін айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында айырбастау пункттерін ашады.

3. Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына мыналар кіреді:

1) өтініш берушіде қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткен қызметкерлердің болуы;

2) алып отырған үй-жайдың мүліктік құқығын растайтын құжаттардың болуы ;

3) айырбастау пункті үшін : клиенттерге қызмет көрсетуге арналған кассалық терезенің (терезелерінің) б о л у ы ;

күзет, өрт дабыл құралдарының, қарулы күзеттің болуы не қарулы күзет болмаған жағдайда қауіп-қатер дабылының болуы;

банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның үй-жайында не өзге үй-жайда (сауда ұйымы, қонақүйлер, әуежайлар және басқалары) орналасқан айырбастау пункттері қызметкерлерден (айырбастау пунктінің қызметкерлері болып табылмайтындар) және клиенттерден оқшау орналасуы тиіс, ал айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің үй-жайында орналасқан айырбастау пункттері клиенттерден оқшау орналасуы т и і с ;

айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың жылжымайтын ғимараттан, тұрғын емес үй-жайларда бөлек есігі бар бөлмеден немесе тұрғын үй-жайдағы пәтерде не оның бір бөлігінде жалға алынған немесе

бөлек орналасқан айырбастау пункттерінің терезелерінде металл тор көздер және кіре берістегі металл есіктері болуы тиіс;
қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау туралы мәліметтері бар клиенттерге арналған ақпараттық стендтердің (көлемі кемінде биіктігі 40 сантиметр және ені 60 сантиметр) болуы;
айырбастау пунктінің ақшасы мен құжаттарын сақтау үшін жанбайтын металл шкаф болуы;

ультракүлгін сәулелердегі бақылауды қоса алғанда, ақша белгісінің түпнұсқалылығын айқындаудың кемінде 3 (үш) әдісінен тұратын, ақша белгісінің түпнұсқалылығын айқындауға арналған техникалық құралдардың болуы.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3-1. Өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар беріледі:

өтініш берушінің шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асырумен тікелей айналысатын қызметкерлерінің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кәсіби дайындығын растайтын уәкілетті банктің анықтамасы;

айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдары құралдарын пайдалануға қабылдау актісінің не айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдары құралдарының техникалық жай-күйін зерттеу актісінің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі (егер айырбастау пунктінің үй-жайы бұрын күзет және өрт дабылдарының құралдарымен жабдықталған болса);

айырбастау пунктін күзету шартының түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі (Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының осы қызмет түрін жүзеге асыруға берілген лицензиясының көшірмесімен қоса) не айырбастау пунктін күзетуді меншікті қауіпсіздік қызметіне жүктеу туралы бұйрықтың көшірмесі және өтініш берушінің қауіпсіздік қызметі туралы ережесінің көшірмесі.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2-тарау. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің және почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерін құру тәртібі

4. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер және почта байланысының уәкілетті ұйымы қолма-қол

шетел валютасымен айырбастау операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

5. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, уәкілетті почталық байланыс ұйымының айырбастау пунктінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге техникалық дайындығын айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) филиалы қызметкерлерінен айырбастау пункттерінің техникалық дайындығын айқындау жөнінде комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің саны Ұлттық Банк филиалының валюталық бақылау және қолма-қол ақшамен жұмыс бөлімшелерінің мамандарын қоса алғанда, кемінде үш адам болуы тиіс. Комиссия өтініш беруші басшысының қатысуымен тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің (олардың филиалдарының), уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттері айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер (олардың филиалдары), уәкілетті кредиттік серіктестіктер бойынша бұйрық негізінде ашылады. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер (олардың филиалдары) мен уәкілетті кредиттік серіктестіктер айырбастау пунктін ашу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Ұлттық Банктің филиалына бұйрықтың көшірмесін қоса тіркеп жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен, 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен, 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

7. Почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттері почта байланысының уәкілетті ұйымының бұйрығы негізінде ашылады. Ашылған кезде почта байланысының уәкілетті ұйымы үш жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банктің филиалына осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес бұйрықтың көшірмесі мен құжаттар пакетін тапсырады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

7-1. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункті банк, уәкілетті кредиттік серіктестік, почта байланысының уәкілетті

ұйымы орналасқан немесе олардың филиалдары бар әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана құрылады.

Айырбастау пункттері жабылған кезде айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы он бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің филиалына оның жабылғаны туралы бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып хабарлайды және айырбастау пунктінің тіркеу куәліктерінің түпнұсқаларын қайтарады.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункті уақытша жұмыс істемеген жағдайда айырбастау пунктінің тіркеу куәлігі қайтарылмайды. Бұл орайда айырбастау пункттерінің жұмыс істемеу кезеңі қатарынан алты айдан аспауы тиіс.

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен, 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

8. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің және почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттері Ұлттық Банктің филиалында міндетті түрде тіркелуге тиіс, тіркелген кезде әрбір айырбастау пунктіне тіркеу куәлігі беріледі (осы Нұсқаулыққа N 1 қосымша).

9. Ұлттық Банктің филиалында тіркелу айырбастау пунктінің жұмыс істеуіне негіздеме болады. Тіркеу куәлігін алғанға дейін айырбастау пунктінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге құқы жоқ.

10. Ұлттық Банктің филиалы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің (оның филиалының), уәкілетті кредиттік серіктестіктің үй-жайынан және құрал-жабдығынан (ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтауға арналған техникалық құралдар, металл шкафтар, фискальды жады бар бақылау-касса машиналары (оларға қажеттілік болғанда), күзет және өрт дабылы құралдары, айырбастау пунктінде қаруланған күзет болмаған кезде шұғыл дабыл құралдары) айырбастау пунктін ашу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде айырбастау пунктінің үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келуін тексеруге және тексеру туралы тиісті актіні екі данада жасауға міндетті, оның біреуі айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банкте, уәкілетті кредиттік серіктестікте, ал екіншісі Ұлттық Банктің филиалында қалады.

Айырбастау пунктінің үй-жайы осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы тексеру туралы актіде мерзім

белгілейді, сол мерзімнің ішінде айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің айырбастау пунктiнiң үй-жайы актiде көрсетiлген ескертулер ескерiле отырып, Нұсқаулықтың талаптарына сай болуға тиiс. Актiде көрсетiлген, анықталған ереже бұзуды жою үшiн белгiленген тексеру мерзiмi өткеннен кейiн, Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктiнiң үй-жайын қайта тексерiп, соның қорытындысы бойынша тағы да тексеру жөнiнде тиiстi актi жасайды.

Ескерту: 10-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен .

11. Айырбастау пунктiнiң үй-жайлары және құрал-жабдықтары осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келген жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының), сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктің үй-жайында ашылатын айырбастау пунктiнiң үй-жайын тексерген күннен бастап 10 жұмыс күнi iшiнде айырбастау пунктiн тiркейдi және тiркеу куәлiгiн бередi.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен .

12. Айырбастау пунктi айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының), сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктің үй-жайынан тыс жерде, сондай-ақ почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пунктi (орналасқан орнына қарамай) ашылған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы жазбаша хабарлама мен осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес құжаттардың толық пакетiн алған күннен бастап он бес жұмыс күнi iшiнде құжаттарды, айырбастау пунктi үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықта белгiленген талаптарға сәйкестiгiн тексеруге мiндеттi. Тапсырылған құжаттарға , сондай-ақ айырбастау пунктiнiң үй-жайына және құрал-жабдығына қатысты ескерту болмаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктiн тiркейдi және тiркеу куәлiгiн бередi.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібiн 2-тармақтан қараңыз).

13. Айырбастау пунктiн тiркеу үшiн айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк (оның филиалы), уәкілетті кредиттік серіктестік, уәкілетті почталық байланыс ұйымы осы Нұсқаулықтың 3 және 3-1-тармақтарының талаптарын ескере отырып, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы бiрiншi бөлiгiнiң 1) және 8) тармақшаларына сәйкес құжаттарды айырбастау пунктiнiң тұрған жерi бойынша Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

1 4 . < * >

Ескерту: 14-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

15. Облыс аумағында орналасқан уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің және почта байланысының уәкілетті ұйымына Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пункттеріне тіркелген кезде реті көрсетілген тіркеу нөмірі б е р і л е д і .

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің және почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерін есепке алу (тіркеу, қайта тіркеу) жеке тізілімдерде жүргізіледі. Айырбастау пункттерін тіркеу журналдарына есепке алу (тіркеу, қайта тіркеу) айырбастау пунктінің тіркеу куәлігінің Ұлттық Банктің филиалындағы іс қағаздары номенклатурасында бір номенклатуралық номерін сақтай отырып, жыл сайын жүйелі түрде жалғасады.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

16. Ұлттық Банк филиалы айырбастау пунктінің тапсырылған құжаттары, үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықта көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің және почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пунктін тіркеуден бас тартуға құқы бар.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

17. Ұлттық Банктің филиалы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерін:

1) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пунктін ашуға берілген айырбастау пунктінің тіркеу куәлігінде көрсетілген көшелердің атаулары, үйлердің нөмірлері және басқа да деректер өзгерген кезде;

2) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретін жаңа лицензия алған кезде;

3) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті

кредиттік серіктестіктің үй-жайынан тыс орналасқан айырбастау пунктiнiң, сондай-ақ айырбастау пунктiнiң мекен-жайының өзгеруi әсерiн тигiзбейтiн почта байланысының уәкiлеттi ұйымының айырбастау пунктiнiң (орналасқан жерiне карамастан) орны ауысқан кезде айырбастау пункттерiн қайта тiркейдi.

Уәкiлеттi банк, уәкiлеттi кредиттiк серіктестік, почта байланысының уәкiлеттi ұйымы шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретiн жаңа лицензия алған кезде айырбастау пунктiн қайта тiркеу үшiн оның көшiрмесiн отыз күнтiзбелiк күн iшiнде Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібiн 2-тармақтан қараңыз).

18. Айырбастау пункттерiн қайта тiркеу осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, заңды тұлғаның айырбастау пунктiнiң үй-жайына және құрал-жабдықтарына тексеру жүргiзбей-ақ және iс қағаздарында бар құжаттарды қайта ұсынбай оның өтiнiшi негiзiнде айырбастау пункттерiн тiркеу үшiн осы Нұсқаулықта көзделген тәртiппен жүзеге асырылады .

Айырбастау пункттерiн қайта тiркеу осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, айырбастау пунктiнiң үй-жайын және құрал-жабдықтарын тексеру актiсi және осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес көзделген құжаттар негiзiнде айырбастау пункттерiн тiркеу үшiн заңды тұлғаның өтiнiшi негiзiнде осы Нұсқаулықта көзделген тәртiппен жүзеге асырылады.

Ұлттық Банктің филиалы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкiлеттi банктің, уәкiлеттi кредиттiк серіктестіктің, почта байланысының уәкiлеттi ұйымының айырбастау пункттерiн қайта тiркегенде, жаңа айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiнiң нақты берiлген күнiн көрсете отырып, айырбастау пунктiнiң тiркелгенi туралы бұрынғы куәлiктегi нөмiрмен тiркелгенi туралы к у ә л і к т і б е р е д і .

Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібiн 2-тармақтан қараңыз).

2-1-тарау. Уәкiлеттi органның шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретiн лицензиялар беру мүмкiндiгi туралы Ұлттық Банктің қорытындылар беру тәртiбi

Ескерту: 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

18-1. Уәкілетті орган Ұлттық Банктің қорытындысы оң болған жағдайда банктерге және кредиттік серіктестіктерге шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар береді.

18-2. Уәкілетті органның шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретін лицензия беру мүмкіндігі туралы Ұлттық Банктің қорытындысын (бұдан әрі - қорытынды) алу үшін банк және кредиттік серіктестік мынадай құжаттарды ұсынады:

1) заңды тұлғаның қолымен және мөрімен расталған шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу және ұйымдастыру тәртібін реттейтін ішкі ережелердің көшірмесі;

2) Ұлттық Банк филиалының айырбастау пункті үй-жайының осы Нұсқаулықтың талаптарына сай екендігі туралы актісі.

Ұлттық Банк банктен және кредиттік серіктестіктен жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қорытынды береді.

18-3. Ұлттық Банктің филиалы банктің, кредиттік серіктестіктің үй-жайында ашылған айырбастау пунктінің үй-жайына сәйкестігі туралы актіні алу қажеттілігі туралы банктен, кредиттік серіктестіктен өтініш алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде айырбастау пунктінің үй-жайының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігін тексеруі қажет және тексеру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тексерудің тиісті актісін екі данада жасауы тиіс, оның біреуі банкте, кредиттік серіктестікте, ал екіншісі Ұлттық Банктің филиалында қалады.

Айырбастау пунктінің үй-жайы және жабдығы (ақша белгілерінің түпнұсқалылығын айқындауға арналған техникалық құралдар, металл шкафтар, фискальді жадысы бар бақылау-касса машиналары, күзет және өрт дабыл құралдары, айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаған кезде қауіп-қатер дабылы құралдары) осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктінің үй-жайының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігі туралы акті беруден бас тартады.

3-тарау. Уәкілетті ұйымдарды құру және лицензиялау және олардың айырбастау пункттерін ашу тәртібі

1 9 . < * >

Ескерту: 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

20. Уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталы Қазақстан теңгесімен құрылтайшылардың жарнасы есебіндегі ақшадан ғана қалыптастырылады және ол лицензияны алар кезде толық көлемде салынуға тиіс.

Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталының ең аз мөлшерін Ұлттық Банк белгілейді.

21. Уәкілетті ұйымды жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде ғана құруға болады.

22. Уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиал, өкілдік және еншілес кәсіпорындар құруға, сондай-ақ басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың жарғылық капиталына қатысуға құқығы жоқ.

23. Жеке және заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері және резидент еместері уәкілетті ұйымның құрылтайшылары бола алады, ал мыналар ол ұйымның мүшесі бола алмайды:

1) өкілдік, атқарушы және сот билігі органдары;
2) жарғылық капиталының елу проценттен астамы мемлекет иелігіндегі ұйымдар;

3) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілген лицензиясы қайтарып алынған, бұрын уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (құрылтайшыларының бірі) болған адамдар. Бұл норма шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілген лицензиясы мемлекеттік тіркеуге берілген рұқсатты немесе шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілетін лицензияны алуға құжаттар тапсырғанға дейін 3 (үш) жылдан астам бұрын қайтарылып алынған уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (құрылтайшыларының бірі) болып табылатын адамдарға қолданылмайды.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

24. Уәкілетті ұйымды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рұқсатын (бұдан әрі - рұқсат) осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банктің филиалы береді.

Ұлттық Банктің филиалдары тіркеу журналдарында берілген рұқсаттардың есебін жүргізіп отырады.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен.

25. Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге рұқсат алу үшін уәкілетті ұйымның құрылтайшылары Ұлттық Банктің филиалдарына мынадай құжат тапсырады:

1) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге рұқсат алу үшін берілетін өтініш ;

2) жарғының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариат растаған көшірмесі ;

3) осы Нұсқаулықтың N 3 қосымшасына сәйкес үлгі бойынша құрылтайшылар туралы мәліметтер;

4) құрылтайшылардың құрамына осы Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген адамдардың кірмейтіндігі туралы жазбаша растау.

Ескерту: 25-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

26. Ұлттық Банктің филиалы құжаттар толық түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және уәкілетті ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының) қолданылып жүрген заңдардың және осы Нұсқаулықтың талаптарына сай болуын тексереді.

Ұлттық Банктің филиалы ұсынған құжаттарды қарау және құрылтайшыларды тексеру нәтижелері бойынша рұқсат береді немесе бас тарту себептерін көрсете отырып рұқсат беруден бас тартады.

Құжаттар жазбаша ескертпелермен қайтарылған жағдайда, уәкілетті орган құжаттарды қайтадан ұсынғаннан кейін оларды қарау мерзімі қайта есептелетін болады .

Ескерту: 26-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

27. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

28. Ұлттық Банктің филиалы рұқсат беруден бас тартуға құқылы, егер:

1) жарғы қолданылып жүрген заңдарға және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмесе ;

2) уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (құрылтайшыларының біреуі) осы Нұсқаулықтың 23 тармағында көрсетілген адамдар болса;

3) берілген құжаттар пакеті осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмесе.

Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

2 9 . < * >

Ескерту: 29-тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

30. Өтініш беруші лицензия алу үшін осы Нұсқаулықтың 3 және 3-1-тармақтарының талаптарын ескере отырып, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы бірінші бөлігінің 1) , 4)-9) тармақшаларында көзделген құжаттарды Ұлттық Банктің филиалына

Ұ с ы н а д ы .

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3 1 . < * >

Ескерту: 31-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

32. Ұлттық Банктің филиалы барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап бір айдың ішінде берілген құжаттар, айырбастау пунктiнiң үй-жайы және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестiгiн тексеруге және лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешiм қабылдауға мiндеттi.

Уәкiлеттi ұйымның қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргiзу дайындығын анықтау мақсатында филиал қызметкерлерiнен техникалық әзiрлiгiн анықтау жөнiндегi комиссия құрылады. Комиссия мүшелерiнiң саны валюталық бақылау және қолма-қол ақшамен жұмыс жүргiзу бөлiмшелерiнiң мамандарын қосқанда үш адамнан кем болмауы керек. Комиссияның тексеру нәтижелерi бойынша ұйым басшысының қ а т ы с у ы м е н а к т i ж а с а л а д ы .

Лицензия беру туралы материалдар құрамына мiндеттi түрде филиал директоры немесе директордың орынбасары, валюталық бақылау бөлiмшесiнiң басшысы және заңгер кiретiн шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы мәселелердi қарау жөнiндегi комиссияда қаралады. Материалдарды қарау нәтижелерi бойынша хаттама жасалады, оған барлық комиссия мүшелерi қ о л а л а д ы .

Тапсырылған құжаттар , айырбастау пунктiнiң үй-жайы және құрал-жабдығы осы Нұсқаулықта белгiленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия беру туралы шешiм қабылдайды, ол Ұлттық Банктің филиалы бойынша бұйрықпен ресiмделедi.

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

33. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .*

34. Ұлттық Банктің филиалы осы Нұсқаулықтың N 5 қосымшасына сәйкес ресiмделген лицензияны заңды тұлғаға бередi, ол бөлeк тiркеу журналында

е с е п к е

а л ы н а д ы .

Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .

35. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін берілетін лицензия шексіз мерзімге беріледі және оны басқа адамдарға беруге болмайды.

36. Ұлттық Банктің филиалы заңды тұлғаға лицензия беруден бас тартады,
е г е р :

1) тапсырылған құжаттар , айырбастау пунктiнiң үй-жайы және құрал-жабдығы осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмесе;

2) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

3) заңды тұлғаның жарғылық капиталы толық көлемде қалыптаспаған болса;

4) осы Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетiлген адамдар уәкiлеттi ұйымның құрылтайшылары (құрылтайшыларының бiрi) болып табылса;

5) заңды тұлға мемлекеттiк тiркеуден өткеннен кейiн бiр жылдан соң лицензия алуға өтiнiш берсе .

Ұлттық Банк лицензия беруден бас тартқанын негiздеп жазып жiбередi және сонымен бiрге құжаттардың ұсынылған пакетiн қайтарады.

Ескерту: 36-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шiлдедегi N 255 қаулысымен .

37. Ұлттық Банктің филиалы шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берiлген лицензияларды заң актiлерiнде белгiленген негiздемелер бойынша тоқтатуға немесе қайтарып алуға құқылы.

Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берiлген лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу туралы материалдарды шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы мәселелердi қарайтын комиссия қарайды . Материалдарды қарау нәтижелерi бойынша хаттама жасалады, оған барлық комиссия мүшелерi қол қояды .

Лицензияларды қайтарып алу туралы шешiм Ұлттық Банктің орталық аппаратымен алдын-ала келiсiледi.

Филиалдың шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берiлген лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу туралы шешiмi Ұлттық Банктің филиалы бойынша бұйрықпен ресiмделедi.

Ескерту: 37-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР

Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

37-1. Уәкілетті ұйым шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны жоғалтып алған жағдайда бір айдың ішінде Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттар ұсынуға міндетті:

- 1) лицензияны жоғалтып алу себептері мен жағдайлары көрсетілген өтініш;
- 2) лицензияның жоғалғанын немесе ұрланғанын растайтын құжаттардың көшірмелері ;
- 3) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі.

Ұлттық Банктің филиалы құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде "Дубликат" деген сөз және дубликаттың берілген күні көрсетілген бастапқы лицензияның номерімен және күнімен лицензияның дубликатын ресімдейді.

Ескерту: 37-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2002 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

38. Уәкілетті ұйым шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны жоғалтып алған жағдайда бір айдың ішінде шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру лицензиясын қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банктің филиалына өтініш беруге және мынадай құжаттар ұсынуға міндетті:

- 1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;
- 2) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың нотариат растаған көшірмелері ;
- 3) уәкілетті ұйымның жаңа мекен-жайын көрсете отырып мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат растаған көшірмесі немесе уәкілетті ұйымның мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі;
- 4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі.

Ұлттық Банктің филиалы құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде жаңа лицензия беру арқылы лицензияны қайта ресімдейді .

Ескерту: 38-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2002 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Ескерту: 39-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

40. Уәкілетті ұйымның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар немесе жарғының жаңа редакциясы әділет органдарында тіркелгенге дейін Ұлттық Банктің филиалымен алдын ала келісілуі тиіс. Уәкілетті ұйымдар жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды немесе жарғының жаңа редакциясын келісу үшін Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды немесе жарғының жаңа редакциясын қарау туралы өтініш;

2) жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың немесе жарғының жаңа редакциясының мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі нотариат растаған к ө ш і р м е с і ;

3) осы Нұсқаулықтың N 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтайшылар туралы мәліметтер (егер құрылтайшылар құрамы, жарғылық капиталдың мөлшері немесе жарғылық капиталдағы үлестерді бөлу өзгерген б о л с а) ;

4) осы Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген тұлғалардың құрылтайшылар құрамына кірмейтіні жөнінде жазбаша растау (егер құрылтайшылар құрамы өзгерген болса).

Келісу осы Нұсқаулықта рұқсат алу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті ұйым көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында тіркегеннен кейін бір айдан кешіктірмей олардың нотариат куәландырылған көшірмесін Ұлттық Банктің филиалына беруге міндетті. Егер көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар жарғылық капиталды ұлғайтуға қатысты болса, онда сондай-ақ уәкілетті банктен жарғылық капиталдың сомасын банктегі есеп айырысу шоты арқылы толықтыру туралы анықтамасын ұсыну қ а ж е т .

Ескерту: 40-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

41. Уәкілетті ұйым тұрақты жұмыс істейтін органның тұрған жеріне қарай облыс, сондай-ақ республикалық дәрежедегі қала (астана) шегінде бірнеше айырбастау пункттерін ашуға құқылы.

Ескерту: 41-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .

42. Жаңа айырбастау пунктін ашқан кезде уәкілетті ұйым оны Ұлттық Банкте тіркеуден өткізуі және тіркеу куәлігін алуы керек.

43. Уәкілетті ұйым айырбастау пунктін тіркеу үшін осы Нұсқаулықтың 3 және 3-1-тармақтарының талаптарын ескере отырып, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы бірінші бөлігінің 1) және 8) тармақшаларына сәйкес құжаттарды Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

Ескерту: 43-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

44. Ұлттық Банктің филиалы барлық қажетті құжаттар келіп түскеннен кейін он бес күннің ішінде берілген құжаттар, айырбастау пунктіннің үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықтың талаптарына сай болуын тексеруге міндетті. Берілген құжаттар, айырбастау пунктіннің үй-жайы және құрал-жабдығы жөнінде ескертпелер болмаса, Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін тіркеуден өткізіп, осы Нұсқаулықтың N 1 қосымшасының үлгісі бойынша тіркеу куәлігін береді.

Ескерту: 44-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен.

45. Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін тіркеу журналына әрбір айырбастау пунктіне кезекті реттік тіркеу номерін бере отырып тіркейді. Айырбастау пункттерін тіркеу журналдарына есепке алу (тіркеу, қайта тіркеу) айырбастау пунктіннің тіркеу куәлігінің Ұлттық Банктің филиалындағы іс қағаздары номенклатурасында бір номенклатуралық номерін сақтай отырып, жыл сайын жүйелі түрде жалғасады.

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

45-1. Уәкілетті ұйым тіркеу куәлігін жоғалтып алған жағдайда он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) тіркеу куәлігін жоғалтып алу себептері мен жағдайлары көрсетілген өтініш ;

2) тіркеу куәлігінің жоғалу, жойылу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ұлттық Банктің филиалы он жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға тіркеу куәлігінің көшірмесін береді.

Тіркеу куәлігінің көшірмесі алғашқы лицензияның нөмерімен және күнімен, "Көшірме" деген сөз және лицензияның көшірмесі берілген күні көрсетіліп берілетін болады.

Ескерту: 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

46. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктін ашуға арналған тіркеу куәлігінде көрсетілген көше, ғимарат нөмірлері және басқа деректемелер өзгерген жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін қайта тіркеуден өткізеді.

Уәкілетті ұйым шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген жаңа лицензияны алған кезде Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымның айырбастау пункттерін қайта тіркеуден өткізеді.

Айырбастау пункттерін қайта тіркеу іс қағазында бар құжаттарды қайта ұсынбай-ақ осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларды қоспағанда, айырбастау пункттерін тіркеуге арналған осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен жүзеге асырылады .

Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктін қайта тіркеген кезде айырбастау пунктінің жаңа тіркеу куәлігінің нақты берілген күнін көрсете отырып, айырбастау пунктінің бұрынғы тіркеу куәлігіндегі нөмірмен айырбастау пунктінің тіркеу куәлігін береді.

Ескерту: 46-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

46-1. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің орнын ауыстыру айырбастау пунктінің мекен-жайын өзгертуге әкеп соқпайтын жағдайда, уәкілетті ұйым он жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық Банктің филиалына хабарлай отырып, осы Нұсқаулықтың 43-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса береді.

Ұлттық Банктің филиалы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, айырбастау пункті үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықтағы талаптарға сәйкестігін тексереді. Үй-жайды және құрал-жабдықты тексеру нәтижелері бойынша тексеру актісі жасалады .

Айырбастау пунктінің құжаттары, үй-жайы және құрал-жабдығы осы Нұсқаулықтағы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін қайта тіркеуден бас тартуға құқылы.

Ескерту: 46-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

46-2. Уәкілетті ұйым ерікті таратылғанда не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметтен бас тартқан жағдайда, уәкілетті ұйым жеті күннің ішінде қабылданған шешім туралы Ұлттық Банктің филиалына өзіне тиесілі айырбастау пункттері лицензияларының түпнұсқаларын және тіркеу куәліктерін қоса бере отырып хабарлайды.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген ерікті түрде қайтарылған лицензиялардың қолданылуын тоқтату Ұлттық Банктің филиалында филиал директорының не оның орнындағы адамның б ұ й р ы ғ ы м е н р е с і м д е л е д і .

Ескерту: 46-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

4-тарау. Айырбастау пункттерінің жұмыс істеу жағдайы мен тәртібі

4 7 - 4 9 . < * >

Ескерту: 47-49-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

50. Кассирлердің өз ақшасы, сыртқы киімі және басқа заттары касса үй-жайынан тыс жерде орналасқан арнайы бөлінген бөлмеде немесе шкафтарда с а қ т а л у ғ а т и і с .

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

51. Ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтайтын техникалық құралдар сынып қалған жағдайда, басқа себеппен жұмыс істей қалса немесе осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, айырбастау пункті қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуді тоқтатуы т и і с .

Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

52. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қазыналық есте сақтау қабілеті бар бақылау-касса машиналарын, қазыналық есте сақтау қабілетімен жаракталған компьютерлік терминалдарды, барлық орындалған операциялардың түзетілмейтін тіркеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдары бар компьютерлік жүйелерді қолдануы Қазақстан Республикасының салық заңдарымен р е т т е л е д і .

Ескерту: 52-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

53. Әрбір айырбастау пунктінде клиенттерге көрнекі жерде мынадай ақпарат і л і н у і т и і с :

1) айырбастау пунктінің, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген

түрлерін жүргізуші уәкілетті ұйымның немесе осы айырбастау пунктін ашқан айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің атауы және (немесе)

т і р к е у н о м е р і ;

2) айырбастау пунктiнiң жұмыс тәртібі;

3) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциясын ұйымдастыруға берілген лицензияның көшірмесі;

4) осы Нұсқаулықтың N 6 қосымшасына сәйкес осы айырбастау пунктiнiң қызметiне бақылау жүргiзiп отыратын Ұлттық Банктің филиалы туралы м ә л і м е т т е р .

Ескерту: 53-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

54. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң үй-жайында мiндеттi түрде мынадай құжаттар сақталуы тиіс:

1) айырбастау пунктiнiң кассирiн жұмысқа қабылдап алу туралы басшы б ұ й р ы ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і ;

2) күзет және өрт дабылын пайдалануға қабылдау актiсiнiң көшiрмесi.

Айырбастау пунктiнiң үй-жайы бұрын күзет және өрт дабылы құралдарымен жабдықталған болса - айырбастау пунктiнiң күзет және өрт дабылы құралдарының техникалық жағдайын тексеру актiсiнiң түпнұсқасын немесе н о т а р и а т р а с т а ғ а н к ө ш і р м е с і ;

3) айырбастау пунктiнiң кассирiмен толық жеке материалдық жауапкершiлiк туралы жасасқан шарттың көшiрмесi;

4) фискальды есте сақтау қабiлетi бар бақылау-касса машинасының тiркеуден өткенiн растайтын салық органдары берген құжаттың көшiрмесi;

5) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін уәкілетті ұйымның жалға алу шартының немесе айырбастау пунктiне мүлiктiк құқығын растайтын құжаттың к ө ш і р м е с і ;

б) айырбастау пунктiн тиiстi қарулы күзет қызметiмен күзетудi жүзеге асыру кезiнде қызметтiң осы түрiн жүргiзуге Қазақстан Республикасы Ишкi iстер министрлiгi берген лицензиясының көшiрмесiне қоса айырбастау пунктiн күзету ш а р т ы н ы ң к ө ш і р м е с і .

Айырбастау пунктiнiң үй-жайын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредит серiктестiгiнiң, почта байланысының уәкілетті ұйымының қауiпсiздiк қызметi күзететiн болса - айырбастау пунктiнiң күзетiн айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредит серiктестiгiнiң, почта байланысы уәкілетті ұйымының қауiпсiздiк қызметiне

жүктеген бұйрықтың көшірмесі және оны күзетуге белгіленген айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, уәкілетті кредит серіктестігінің, пошта байланысының уәкілетті ұйымының құрылымдық бөлімшелері туралы е р е ж е н і ң к ө ш і р м е с і .

Айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаған кезде - айырбастау пунктінде қауіп-қатер құралдарын пайдалануға алу актісінің көшірмесі.

Айырбастау пунктінің үй-жайы бұрын қауіп-қатер дабылы құралдарымен жабдықталған болса - айырбастау пунктінің қауіп-қатер дабылы құралдарының техникалық жағдайын тексеру актісінің көшірмесі;

Бұдан басқа, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін уәкілетті ұйымдардың айырбастау пунктінде қолма-қол шетел валютасымен жұмыс жүргізу бойынша дайындық курсынан өткені туралы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк құжатының сақталуы керек.

Ескерту: 54-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен, 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен, 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

55. Уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттерінде, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде, банк үйінен тыс орналасқан айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінде, почта байланысы уәкілетті ұйымының үйінен тыс орналасқан почта байланысы уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ғана жүргізуге рұқсат етіледі.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын және банк заңдарына сәйкес кассаларда өткізілетін өзге де банк операцияларын Мемлекеттік тізілімде тіркелген және айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің (олардың филиалдарының және есеп айырысу-касса бөлімдерінің) үйлерінде, сондай-ақ почта байланысының уәкілетті ұйымының (оның филиалдарының) үйлерінде орналасқан банктік компьютерлік жүйені пайдалана отырып айырбастау операцияларын жүзеге асыратын айырбастау пункттерінің кассалық үйлерінде бір мезгілде жүргізуге р ұ қ с а т е т і л е д і .

Ескерту: 55-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен, 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

56. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуші уәкілетті ұйымдар жазбаша нысанда жасасқан шарт негізінде қолма-қол шетел валютасының сатып алу-сату операцияларын міндетті түрде ресімдей отырып, кез-келген айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктен қолма-қол шетел валютасын

с а т ы п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізетін уәкілетті ұйымдарға айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуші уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінен қолма-қол шетел валютасын сатып алуға тыйым салынды .

Ескерту: 56-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен .

56-1. Уәкілетті ұйымы айырбастау пункттерінің жұмыс істемейтін кезеңі алты ай дан аспауы тиіс .

Ескерту: 56-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5-тарау. Айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу тәртібі

57. Айырбастау пункттері бағамдар белгілеу туралы жазбаша өкім негізінде белгіленген сатып алу, сату бағамдарына және кросс бағамына сәйкес қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізеді. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бағамдары айырбастау пунктінің жұмыс уақыты ішінде өзгеруі мүмкін. Бағамның әрбір өзгеруі өзгертілген бағамдардың қолданылу уақыты көрсетіле отырып, жазбаша өкіммен бекітілуге тиіс .

Бір айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның әр түрлі айырбастау пункттерінде әр түрлі бағамдар белгілеуге рұқсат етіледі.

Сатып алу, сату және кросс бағамдарын белгілеу туралы өкімді күн сайын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның басшысы немесе басшының бұйрығымен осындай өкілеттіктер берілген лауазымды адам шығарады. Өкімді белгіленген бағамдардың қолданылу кезеңін (бірнеше күнді және/немесе бір күн ішіндегі уақыт кезеңін) көрсете отырып шығаруға рұқсат етіледі .

Жазбаша өкім екі данада ресімделеді, оның біреуі айырбастау пунктіне жіберіледі, екіншісі - уәкілетті банкте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымда қалады.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер және почта байланысының уәкілетті ұйымы банктік компьютерлік жүйе шеңберіндегі

өкімдерді айырбастау пункттеріне орталықтандырылған түрде жеткізуді көздейтін Мемлекеттік тізілімде тіркелген банктік компьютерлік жүйені пайдаланған жағдайда, бағамдарды белгілеу туралы жазбаша өкім бір данада шығарылды.

Ескерту: 57-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен.

58. Ұлттық Банк жекелеген жағдайларда қолма-қол теңгеге қолма-қол шетел валютасын сату бағамының қолма-қол теңге үшін қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамынан ауытқу шегін Ұлттық Банк Басқармасының қаулысын қабылдау жолымен белгілеуге құқылы.

59. Айырбастау пунктінде қолма-қол шет ел валютасы және ұлттық валюта болған жағдайда, азаматтардың сатып алу, сату немесе айырбастау операцияларын жүргізуінен бас тартуға болмайды. Бұл ретте айырбастау пунктінің ақпарат тақталарында айырбастау пунктінде бар шет ел валютасының барлық түрлері бойынша сатып алу және сату туралы бағамды қамтитын мәліметтер болуға тиіс.

Қандайда бір валютаны айналымға шығаруға Ұлттық Банк тікелей шектеу қойған жағдайларда болмаса, айырбастау пункттерінің шет ел валюталарын сатып алу, сату немесе айырбастау кезінде олардың құны бойынша және эмиссия жылдары бойынша қандайда бір шектеулер енгізуге құқығы жоқ.

Ескерту: 59-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен.

60. Ұлттық Банк айырбастаудың айрықша тәртібін белгілеген жағдайда болмаса, бұрынғы жылдары шыққан эмиссиядағы шет ел валютасын неғұрлым жаңасына айырбастағаны және ұсақтағаны үшін комиссиялық сыйақы алынбайды.

61. Эмитенттің елінде заңды төлем құжаты болып табылатын қолма-қол шетел валютасы осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен комиссиялық сыйақы алынбай сатып алынуға, сатылуға, айырбасталуға және ұсақталуға тиіс.

Заңды төлем құралының негізгі белгілеріне банкнотта эмиссиялық банктің атауының, нөмірі мен сериясының, санмен және жазумен жазылған құнының, бет жағы мен сырт жағында негізгі суреттің (бейне және т.б.), сондай-ақ банкнотты қолдан жасаудан қорғайтын элементтердің (су тамғысы, магнитті белгілер, қағазға енгізілген түрлі түсті талшықтар, сонымен бірге ультракүлгін сәулемен көрінетіндері, конфетти, қорғаныш жіптер, микромәтін, люминесцияланатын суреттер және т.б.) болуы жатады.

Валютаның эмитент елі шығарылған банкноттарға басқа не қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

Мынадай түрде бүлінген банкноттар да төлем құралы болып танылады:

1) умаждалған және кірлеген;

2) шеті немесе бөліктері қырқылған, желімделген (көлемі 1-2 шаршы сантиметрден аспайтын), егер жыртылған бөлігі сөзсіз осы банкноттікі болса;

3) егер желімделген жыртықтары банкноттың төрттен бір бөлігінен аспайтын болса;

4) май шашыраған немесе басқа да дақтар, жазулар және мөртабандардың таңбалары (банкноттың өтелгенін немесе түпнұсқа еместігін немесе үлгі екендігін куәландыратын мөртабандардан басқалары) болса, егер олар банкноттың түпнұсқалығын анықтауға кедергі келтірмейтін және осы тармақта айтылған негізгі төлемдік белгілерінің бірін елеулі дәрежеде (50%-тен астамын) бүркемеген жағдайда;

5) диаметрі 0,5 мм-ден аспайтын тесіктері мен ойықтары болса.

Ескерту: 61-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен .

62. Төлемге жарамды шетел валютасы оның иесінің келісімімен комиссиялық сыйақы алынып, инкассоға қабылдануы, төлемге жарамды қолма-қол шетел валютасына айырбасталуы немесе сатып алынуы мүмкін. Инкассоға қабылдау, төлемге жарамсыз қолма-қол шетел валютасын айырбастау, сатып алу жөніндегі операциялар осы Нұсқаулықтың 65-тармағының талаптары ескеріле отырып, осы Нұсқаулыққа N 14 қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлемге жарамсыз қолма-қол шетел валютасымен жасалған операциялар тізілімдерінің журналында есепке алынады .

Егер банкноттар осы Нұсқаулықтың 61-тармағында көзделген талаптарға сай келмесе және/немесе олардың мынадай ақаулары болса:

1) бөліктерге бөлініп жыртылған және желімделген;

2) алғашқы түсі өзгерген немесе оңған;

3) күйген және күйік шалған;

4) толық немесе елеулі бөлігіне (негізгі төлемдік белгілерінің бірінің 50%-тен астамына) бояу, сия, май төгілген;

5) химиялық реактивтердің, оның ішінде ультракүлгін сәулелерге ұстағанда қағаздың түсін өзгертетін реактивтердің әсеріне ұшыраған;

6) әдейі түрде елеулі бөлігі бүлінген (негізгі суреттері, атап айтқанда адамдардың суреттері өзгертілген қорғаныш жібі алынып тасталған, көптеген жазулардың, оның ішінде ультракүлгін сәулелерде көрінетін жазулардың болуы);

7) басылымда көне-көрнеу ақаулар жіберілген (су тамғысының немесе қорғаныш жібінің болмауы немесе дұрыс орналастырылмауы, дұрыс басылмауы немесе бейнелердің көмескі болуы) банкноттар;

8) геометриялық көлемінің азайту жағына өзгерген сияқты ұлғайту жағына

қарай 3 мм астам өзгерген болса, төлемге жарамсыз болып танылады.

Сондай-ақ тиісті шет мемлекеттің эмитент банкі жариялаған күннен кейін айналымнан шығарылған банкноттар да төлемге жарамсыз деп танылады.

Төлемге жарамсыз банкноттарды сатып алу мен ауыстыруды айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер және почта байланысының уәкілетті ұйымы ғана жүзеге асырады. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер және почта байланысының уәкілетті ұйымы ауыстыру тәртібімен сатып алған және қабылдаған төлемге жарамсыз банкноттарды клиенттердің сатуына болмайды және эмитент банкке инкассоға жіберілуге немесе қызмет көрсететін айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер арқылы инкассоға өткізілуге тиіс.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк төлемге жарамсыз шетел валютасының банкноттарын иесінің келісімімен инкассоға қабылдауға құқылы. Қолма-қол шетел валютасын инкассоға қабылдауды айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің қызметкері осы Нұсқаулықтың N 7 қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттің өтініші негізінде ғана жүзеге асырады. Шетел валютасын инкассоға қабылдаған кезде клиентке түбіртек беріледі. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер клиенттерге комиссиялық сыйақының мөлшері (оған қоса клиенттің барлық шығыстары) туралы және эмитент банктердің (шетелдік банктердің) тозған банкноттарды айырбастаудан бас тартуы мүмкін екендігін ескертуге, сондай-ақ инкассо жасаған жағдайда клиенттің жазбаша келісімін алуға міндетті. Эмитент банк (шетелдің банкі) жіберілген шетел валютасын айырбастаудан бас тартқан жағдайда, айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер клиентке тиісті растау құжаттарын беруге міндетті.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк эмитент банктен (шетелдің банкінен) инкассо жасалған шетел валютасы үшін өтем жасалған ақша сомасы клиентке оның қалауы бойынша шетел валютасымен немесе теңгемен қолма-қол төленуге тиіс не қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес шетел валютасымен немесе теңгемен банктік есепшотына аударылуға тиіс.

Төлемге жарамсыз банкноттарды ауыстырғаны, сатып алғаны, қабылдағаны үшін комиссиялық сыйақыны айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы белгілейді, бірақ ол айырбастауға (сатып алуға, инкассоға қабылдауға) ұсынылатын банкноттардың нақты құнының 10 процентінен аспауға тиіс. Комиссиялық сыйақыны айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы операция жасалған күнгі рыноктық бағамы бойынша Қазақстан

т е н г е с і м е н

а л а д ы .

Ескерту: 62-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

63. Шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау кезінде айырбастау пунктiнiң қызметкерлерi валютаның түпнұсқасын осы Нұсқаулықтың талаптарға сәйкес ақша белгiлерiнiң түпнұсқалығын анықтайтын техникалық құралдардың көмегiмен тексередi .

Ескерту: 63-тармаққа өзгертулер енгiзiлдi - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгiзiлу тәртібiн 2-тармақтан қараңыз).

64. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың және айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінде өткізілген қолма-қол шет ел валютасын сатып алу және сату операциялары осы Нұсқаулықтың N 8 қосымшасына сәйкес үлгідегі операция жүргізген кезде бухгалтерлік құжат болып табылатын сатып алынған және сатылған шетел валютасын тізімдеу журналында (бұдан әрі - тізімдеу журналы) көрсетiледi .

Баламасы он мың АҚШ долларынан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алған немесе сатқан кезде тізілім журналына клиенттің аты-жөні және оның жеке басын растайтын құжаттың деректері жазылады.

Айырбастау пунктiнiң қызметкерлерi жұмыс күнiнiң соңында күн әлетiндегi операциялар бойынша қорытындыларды есептеп шығарады және ақшаның келесi күнге қалдығын қалдырады. Бір күн ішінде бағам өзгерген жағдайда тізімдеу журналында жаңа бағам белгіленген уақытқа дейін сатып алынған және сатылған валютаның көлемі бойынша сатып алынған немесе сатылған қолма-қол шет ел валютасының аралық қорытындысы шығарылып кассирдің қолымен расталады.

Тізімдеу журналын қырғап-тырнауға және өзге де түзетулер жасауға болмайды. Қате деректер үстінен сызылып, кассирдің: "N жазу түзетiлдi" деген жазуымен расталады, сонан соң дұрыс жазу жазылады.

Ескерту: 64-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .

65. Тізімдеу журналы нөмірленеді, жіппен тігіледі де, заңды тұлғаның және Ұлттық Банк филиалының мөрімен бекітіледі. Тізімдеу журналы парақтарының саны (30 парақтан кем емес) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының) немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым басшысының және бас бухгалтерінің және Ұлттық Банк филиалының басшысы немесе басшысының орынбасарының

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар тізімдеу журналын ресімдеу үшін осы тармақтың бірінші азатжолында көрсетілген талапқа сәйкес Ұлттық Банктің филиалына өтініш жасауы тиіс. Ұлттық Банктің филиалы тізімдеу журналының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және оны келіп түскен күннен бастап он күн ішінде ресімдейді. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның бір айырбастау пункті үшін бірнеше тізімдеу журналдарын ресімдеуге болады.

Аяқталған тізімдеу журналы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарда аяқталған күнінен бастап 5 жыл бойы сақталады.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы немесе оның филиалдары тұрған облыс аумағынан тыс ашылған айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктер аяқталған тізімдеу журналын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктерге, почта байланысының уәкілетті ұйымына немесе олардың филиалдарына жылына кемінде екі рет беріп отыруға тиіс. Бұл орайда берілетін тізімдеу журналдарының көшірмелері алынып, ол айырбастау пунктінде тізімдеу журналындағы соңғы жазба жасалған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап санағанда бір жыл бойы сақталады.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің айырбастау пункттері тізімдеу журналын электронды түрде жүргізуге құқылы. Электронды тізімдеу журналын бағдарламалық қамтамасыз етуге және оны жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар осы Нұсқаулықтың N 13 қосымшасында айқындалған.

Ескерту: 65-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыз N 330 қаулысымен , 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен .

66. Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .

67. Клиенттің өтініші бойынша айырбастау пунктінің қызметкері сатып алынған және сатылған шетел валютасы сомасына қарамастан анықтама сертификаттарды - қатаң есептегі бланкілерді (осы Нұсқаулыққа N 9 қосымша) көшіргіш қағаз арқылы міндетті түрде толтырады. Анықтама-сертификатты ресімдеу кезінде тізілімдер журналында клиенттің аты-жөні және оның жеке басын растайтын құжаттың деректері (паспорт, қызметтік паспорт, жеке куәлігі, сондай-ақ әскери қызметтегілер үшін әскери билет) жазылады. Анықтама-сертификаттардағы деректер тізілім журналындағы деректермен

с ә й к е с б о л у ы т и і с .

Анықтама-сертификаттың бірінші данасы жеке тұлғаға беріледі. Анықтама-сертификаттардың екінші даналары - кітапшада қалады.

Анықтама-сертификаттарды басқа адамның атына ресімдеуге болмайды.

Ескерту: 67-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен , 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен .

68. Анықтама-сертификаттарға айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының) банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның басшысы мен бас бухгалтері, айырбастау пунктiнiң кассирi қол қояды және айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының) банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, уәкілетті ұйымның мөрімен бекітілуі керек . Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының) басшысы мен бас бухгалтері анықтама-сертификаттарға өздерінің орынбасарларының, айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің есеп айырысу-касса бөлімінің басшысы мен бас бухгалтерінің, не айырбастау пункттерінің жұмысын ұйымдастыруға жауап беретін бөлімшенің және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларының есебін көрсетуді жүзеге асыратын бөлімше басшыларының қол қоюына сенім білдіруге құқылы. Осы адамдардың анықтама-сертификаттарға қол қою жөніндегі өкілеттіктері бұйрықпен және сенімхатпен бекітілуге тиіс. Анықтама-сертификаттарға басшы және/немесе бас бухгалтер үшін қол қою жөніндегі өкілеттіктерді айырбастау пункттерінің кассиріне жүктеуге болмайды.

Анықтама-сертификаттар айырбастау пунктi кассирлерінің есебіне берілгенге дейін айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктің (оның филиалының), банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның басшысы мен бас бухгалтер қолдарын қойып, сондай-ақ мөрімен бекітуіне болады. Айырбастау пункттер кассирлерінің есебіне берілген анықтама-сертификаттардың кітапшалары арнаулы журналда ескерілуі тиіс.

Пайдаланылған анықтама-сертификаттар кітапшасының екінші данасын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар соңғы жазулар ресімделген күннен бастап 5 жыл бойы сақтайды.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар немесе олардың филиалдары тұрған облыс аумағынан тыс ашылған айырбастау пункттері пайдаланылған анықтама-сертификаттар кітапшасының айырбастау

операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктерге, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға немесе олардың филиалдарына жылына кемінде екі рет беріп отыруы тиіс. Бұл орайда берілетін пайдаланған анықтама-сертификаттар кітапшасының көшірмелері алынып, ол айырбастау пунктінде пайдаланған анықтама-сертификаттар кітапшасының соңғы жазба жасалған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап санағанда бір жыл бойы сақталады.

Ескерту: 68-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен .

69. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар анықтама-сертификаттарының бланктерін есепке алып, сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар міндетті түрде Ұлттық Банктің филиалына бұл туралы тез арада хабарлап, Ұлттық Банк филиалы өкілінің қатысуымен тиісті акт жасауға міндетті.

Уәкілетті банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым анықтама-сертификаттар бланктерінің бүліну, зақымдану немесе жойылу фактілері туралы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиыrmасына дейінгі мерзімде Ұлттық Банк өкілінің қатысуымен акт жасау үшін Ұлттық Банктің филиалына хабарлайды.

Ескерту: 69-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

69-1. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқық беретін лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, анықтама-сертификаттардың пайдаланылмаған кітапшалары Ұлттық Банктің филиалына қайтарылуы тиіс.

Ескерту: 69-1-тармақпен толықтырылады, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

70. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің (олардың филиалдарының) айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу операциялары төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай операциялар тізілімдердің электрондық журналына бағдарламалық қамтамасыз етудің талаптарына және осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасында айқындалған оны жүргізу тәртібіне сәйкес келетін осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша сатып алынған

және сатылған шетел валютасы тізілімдерінің электронды журналында көрсетіледі.

Ескерту: 70-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

71. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулысымен.*

72. *Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 қаулысымен.*

6-тарау. Айырбастау пункттерінде жүргізілетін операциялар бойынша есеп беру

73. Айырбастау пункттері жұмыс күнінің аяғында шет ел валютасын бухгалтерлік құжат болып табылатын бухгалтерлік құжат болып табылатын сатып алу және сату көлемі туралы есепті кемінде екі дана етіп ресімдейді:

1) айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің және почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттері - бухгалтерлік есептің ішкі тәртібіне сәйкес не осы Нұсқаулықтың N 11 қосымшасына сәйкес ресімдейді;

2) уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері - осы Нұсқаулықтың N 11 қосымшасына сәйкес ресімдейді.

Шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы күнделікті есептің бір күнтізбелік айдан аспайтын мерзімде тігінділері жасалады. Тігінділер соңғы тігілген есеп жасалған күннен бастап 5 жыл бойы сақталады.

Ескерту: 73-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен.

74. Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер (олардың филиалдары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар ай сайын Ұлттық Банктің филиалына Ұлттық Банктің банктік есепті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдер және нысандар бойынша шетел валютасын сатып алу және сату көлемдері туралы есепті ұсынады.

Шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар беретін есепті Ұлттық Банктің филиалдары есеп жасалған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде екі жыл бойы сақтайды.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер және уәкілетті почта байланысы ұйымы операциялық күн ашпай-ақ (есептік кезеңнің соңғы күніне келетін демалыс және мереке күндерінде) жүргізетін қолма-қол шетел

валютасымен айырбастау операциялары шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы есепте келесі операциялық күнмен көрсетілуі мүмкін.

Уәкілетті ұйымдар ай сайын айдың 15-не дейінгі мерзімде осы Нұсқаулықтың 15-қосымшасында белгіленген нысан бойынша қаражат қозғалысы туралы жиынтық мәліметтерді Ұлттық Банктің аумақтық филиалына ұсынады.

Ескерту: 74-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен , 2005 жылғы 29 қазандағы N 136 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

75. Ұлттық Банктің айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың қолма-қол шетел валютасымен жасаған айырбастау операциялары туралы өзге де есеп беру жөнінде қойылатын талаптар белгілеуге құқылы.

76. Ұлттық Банктің филиалы Ұлттық Банктің банктік есеп беруді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату мөлшерінің жалпы облыс бойынша есебін Ұлттық Банктің орталық аппаратына т а п с ы р а д ы .

Ескерту: 76-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 қаулысымен , 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысымен .

77. Есеп беру нысанын жасаған кезде бір шетел валютасын екіншісімен ауыстыру екі операциямен көрсетіледі:

